

**6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 Махамбетова Алия Бердехановнаның
 «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау»
 тақырыбында дайындалған диссертациясына
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Зерттеу бойынша алынған нәтижелердің маңыздылығы 2021 жылдың 12 қазанында ҚР Үкіметінің қабылданған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы; «Дуальды білім берудегі стратегиялық альянс» Ұлттық жобасының негізгі міндеттерін іске асыру және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» жобасына сәйкес келумен дәйектеледі.</p> <p>А.Махамбетованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес дайындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-тәжірибелік нәтижелері арнайы педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, сондай-ақ оның маңыздылығы толықтай</p>

			<p>ашылған. Себебі докторант отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектерін талдау арқылы Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған.</p> <p>Зерттеу мәселесі бойынша жасалған ғылыми-практикалық модель мен оны жүзеге асырудың поликомпонентті бағдарламасының даярлануы жұмыстың теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>3.1. Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Оған жұмыстың ғылыми стилінен; ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған жан-жақты талдауы мен өзіндік тұжырымдардың жасалуы; диссертацияның мазмұнының баяндалуындағы бірізділік пен тығыз байланыстары дәлел бола алады.</p> <p>Тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, сонымен қатар зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сәйкес мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, пікірін ішкі бірлікте өрбітіп тұжырымдауға мүмкіндік береді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 	<p>Педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен тәжірибелік даярлығы оқу</p>

		<p>2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>орнында және өндірісте қатар жүруді жүзеге асыратын дуальді-бағдарлық оқыту өзекті болып табылады. А.Махамбетованың жоғары педагогикалық білім берудің оқу-тәрбие үрдісіне дуальді-бағдарлық оқытуды ендіре отырып болашақ педагогтарды жоғарғы оқу орны мен арнайы білім беру ұйымдарымен өзара әрекеттестігі негізінде кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру мәселелерін зерттеу қажеттілігі диссертациялық жұмыстың өзектілігінің негізделгенін көріп отырмыз.</p>
		<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>А.Махамбетованың диссертациялық жұмысының мазмұны «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» атты зерттеу тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында ЖОО-да арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық даярлау тұжырымдамасы, арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары, дуальді-бағдарлық оқыту процесінің мәні мен ерекшеліктері ашып көрсетілген. Сонымен бірге арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың ғылыми-практикалық моделі әзірленген. Жұмыстың екінші тарауында арнайы педагогтарды дуальді-</p>

		<p>бағдарлық оқыту процесінде даярлау жүйесі, арнайы педагогтарды даярлау процесінде дуальді-бағдарлық оқытуды ұйымдастырудың эксперименттік бағдарламасы, арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау әдістемесі әзірленген. Сонымен бірге тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері анықталған. Диссертация жұмысының мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>		<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты: Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында арнайы педагогтардың даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, ғылыми-практикалық моделін әзірлеу және оның тиімділігін эксперименттік тұрғыда тексерумен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>		<p>Диссертанттың ғылыми жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшадан тұрады. Құрылымы логикаға сай, алынған зерттеу мәселесін бірізді аяқталған ғылыми бірлік ретінде толық тануға негіз бар. Соның нәтижесінде теориялық және тәжірибелік жаңалықтарды, қорғауға ұсынылған қағидаларды да байланысқан</p>

			бірліктер ретінде қарастыруға болады.
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>А.Махамбетова зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сыни талдай алған. Автордың жұмыстағы келтіретін ой-пікірлері мен тұжырымдарға баға бере алуы, оларға өзіндік түйіндеме жасай білуі, салыстыру негізінде сыни бағалай алуы зерттеуші ретінде өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің алғашқы бар деңгейі мен қорытындыдағы көрсеткіштерін сандық және сапалық салыстыруда автордың сыни талдауы мен бағалауы жұмыстың шынайылығын көрсетеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант А.Б.Махамбетованың диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Бірінші ғылыми нәтиженің жаңалығы ізденушінің кәсіби даярлық мәселелерін қарастыратын психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерді талдауы негізінде дайындықтың практикалық бағытының дәстүрлі және инновациялық формаларын интеграциялайтын «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық даярлау» ұғымының мәнін нақтылай отырып, авторлық</p>

			<p>анықтама берілетіндігімен анықталған;</p> <p>Екінші ғылыми нәтиженің жаңалығы теориялық дереккөздерді зерделеу, сыни тұрғыдан қарастыру арқылы жоғары оқу орындарында арнайы педагогтарды даярлауды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық, мазмұндық және әдістемелік аспектілерінде көрсетілген заманауи шетелдік және отандық тұжырымдамаларды ғылыми әдебиеттер мен өзіндік бақылаулармен анықтаумен сипатталады. Бұл ғылыми нәтиже болашақ арнайы педагогтың тәжірибеге бағытталған құзіреттілігінің объективті бақылау шеңберінен шығып кетуімен де дәлелденеді, оны дуальді оқытуды ұйымдастыру процесінде бағалауға болады.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтиженің жаңалығы тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік кезеңдерден тұратын сондай-ақ, оның құндылықтық-практикалық бағытын айқындайтын, арнайы педагогты қызметке дуальді-бағдарлық даярлаудың ғылыми-практикалық моделін жасаумен шарттанған.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы мен жаңашылдығы оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың әртүрлі тәжірибелермен ұштасатын поликомпонентті бағдарламасын жасау және жоғары оқу орындарына</p>
--	--	--	--

			<p>арналған «Қазіргі заманғы жоғарғы оқу орнында білім беру жүйесіндегі дуалды-бағытталған оқытудың теориясы мен практикасы» оқу құралын құрастырумен және енгізумен расталған. Сонымен қатар, DAAD (Германдық академиялық алмасу қызметі, Германияның Deutscher Akademischer Austauschdienst, аббр. DAAD) аясындағы «Халықаралық білім кеңістігінде болашақ мұғалімдерді дайындаудың дуальді үлгілері: проблемалары, шешімдері, болашағы» халықаралық ғылыми конференцияда зерттеу нәтижелері апробацияланып, арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқытудың ғылыми-практикалық моделі апробациялау процесінде оң нәтижеге ие болған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, себебі ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлеледемелерде негізделген және тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелденген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеру толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген. Өзіндік авторлық жолдары ұсынылғандықтан толығымен жаңа болып табылады.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар оқу үрдісіне ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, жарық көрген ғылыми жарияланымдармен расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды теориялық-әдіснамалық және әдістемелік-практикалық дәлелдемелерде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Докторант А.Б.Махамбетова диссертациялық жұмысы бойынша төрт қағида ұсынған: Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелердің талқыға түсуімен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейлі конференцияларға мақалаларының жарық көруімен және ғылыми басылымдарында жариялануымен расталған. Зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге енгізілгендігін растайтын анықтамалардың тіркелуімен дәлелденеді.
		7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, тұжырым жасалғандығымен

			дәлелденеді, яғни тек өзгенің тәжірибесі емес, өзіндік тәжірибенің басым болуы жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр.
		7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, төрт міндет бойынша алынған нәтижелер қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденген.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>	Жұмыстың қолданылу деңгейі кең деп танылады. Себебі, диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа сай қажетті басылымдарда жарияланған.
		7.3. Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Мақалалар ғылыми басылымдарға жарыққа шығып, дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар ғылыми тұрғыда негізделген. Әдістер нақты жазылған және тиімділігі дәлелденген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделген. Алынған зерттеу нәтижелері цифрлық технология арқылы сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Алынған нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған/ішінара расталған/расталмаған</u></p>	<p>Диссертант жұмыс жазу барысында өте ауқымды зерттеулер жүргізген. Алыс және жақын шетелдік әдебиеттердің кеңінен қолданылуы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете түскендігін көрсетеді. Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан ұстанымдылығы көп ғылыми саладағы әдебиеттердің талдануымен расталған. Осылайша ғылыми жұмыс әлемдік тәжірибелер мен тұжырымдарға негізделгенін дәлелдеп тұр.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны – 204 әдебиетті құрайды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар, себебі Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың теориялық-</p>

			әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік ғалым, зерттеушілер еңбектерін талдауымен айкындалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Себебі, болашақ арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқытудың формасы ретіндегі оқу-зерттеу зертханасын ұйымдастырудың поликомпонентті бағдарламасы әзірленген, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> .
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнының рәсімделуі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: Махамбетова Алия Бердехановнаның «6D010500 – Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған

«Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» тақырыбында диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

«13.00.01–Жалпы педагогика»

Арнайы және инклюзивті білім беруді

дамытудың ұлттық ғылыми - практикалық

орталығының аға қызметкері,

педагогика ғылымдарының кандидаты



А.Т.Баймуратова

